

№	<i>Онлайн тіркелу кеңестері</i>	✓
1	Сауалнама нысанын толтырған кезде ұялы телефон немесе планшет емес, жеке компьютерді қолдануды кеңес береміз.	
2	Мамандықты өз талғамыңызға сай таңдаңыз.	
3	Сауалнама нысанда талапкердің дұрыс санатын таңдағаныңызға көз жеткізіңіз.	
4	Назарбаев Университетінің бакалавриат бағдарламасына өтініш беру барысында талаптарды мұқият оқыңыз. Толық ақпарат <a href="http://nu.edu.kz">nu.edu.kz</a> сайтында берілген.	
5	Онлайн тіркелуді ресми сайтта жасаңыз: <a href="http://admissions.nu.edu.kz">admissions.nu.edu.kz</a> .	
6	<b>Логин мен Құпия сөзді</b> есте сақтаңыз. Бұл Жеке кабинетіңізге қайта кіру кезінде уақытыңызды үнемдейді.	
7	Көрсетілген жеке деректеріңіздің дұрыстығын тексеріңіз (Аты-жөні, туған күні, жеке куәлік/төлқұжат мәліметтері және т.б.). Дұрыс емес мәліметтер аппликациялық нысанға теріс әсер етуі мүмкін.	
8	<b>Онлайн</b> өтінімнің мерзімдеріне мұқият көңіл бөліңіз. Соңғы минутта келіп түскен өтінімдердің көптігіне байланысты, онлайн тіркеудің соңғы күнінде онлайн жүйесі баяу жұмыс істеуі мүмкін екенін ескертеміз. Техникалық мәселенің алдын алу үшін аппликациялық нысанды мерзімінен бұрын толтыруға кеңес береміз.	
9	Онлайн Сауалнама нысаныңызда дұрыс және толық ақпаратты көрсеткеніңізге көз жеткізіңіз. Толтыру кезінде пайда болатын кеңестерге назар аударыңыз.	
10	Жеке кабинетке 3*4 фотосуретіңізді JPEG форматында жүктеуді ұмытпаңыз.	
11	Барлық қажетті құжаттарды жүктегеніңізге көз жеткізіңіз. Жүктелген құжаттардың өлшемі мен форматын тексеріп, олардың талаптарға сай келетініне және PDF/JPEG форматында жүктелгендігіне көз жеткізіңіз.	
12	Мотивациялық хат PDF/JPEG форматында жүктелгенін тексеріңіз (сондай-ақ эссе лимитінен аспаңыз).	
13	Сауалнама нысанды толтырып және қажетті құжаттарды жүктегеннен кейін <b>SUBMIT APPLICATION</b> батырмасын басуды ұмытпаңыз. Осы батырманы басу арқылы талапкер «My Application Form» бөліміндегі деректерді өз бетінше өзгерте алмайды. Өзгерістер енгізу үшін <a href="mailto:info_admissions@nu.edu.kz">info_admissions@nu.edu.kz</a> электронды поштасына өтініш жазыңыз.	
14	SAT/ACT және IELTS / TOEFL тестінің ең төменгі талаптарын тексеріңіз. Осы емтихандарға қойылатын талаптар <a href="http://nu.edu.kz">nu.edu.kz</a> сайтында берілген. Талаптарға сәйкес келетін ең төмен балдар Назарбаев Университетіне түсуге кепілдік бермейтінін еске сақтаңыз.	
16	SAT емтихандарын тапсыру күндері туралы толық ақпарат <a href="http://collegeboard.org">collegeboard.org</a> сайтында берілген.	

17	Егер сіз IELTS емтиханын төлқұжат арқылы тапсырсаңыз, онда Жеке кабинетіңізде төлқұжаттың сканерленген нұсқасын жүктеңіз. Егер жеке куәлікпен тапсырсаңыз, онда жеке куәліктің сканерленген нұсқасын жүктеңіз.	
18	NIS Grade 12 Certificate санаты бойынша тапсыратын талапкерлер кез келген пәндерді таңдай алады, дегенмен, сіздің болашақ мамандығыңызға сәйкес пәндерді таңдаған дұрыс.	
19	IB DP санаты бойынша тапсыратын талапкерлер озық деңгейдегі 3 пәнді таңдауы керек.	
20	Егер сіз халықаралық және/немесе республикалық олимпиадалардың жеңімпазы болсаңыз, өз медаліңіздің категориясын тексеріңіз. Халықаралық және республикалық пәндік олимпиадалардың тізбесі <a href="http://nu.edu.kz">nu.edu.kz</a> сайтында берілген.	
21	Назар аударыңыз, <b>тек ауысатын</b> студент санатына жататын талапкерлер ұсыным хатын тапсыру керек.	
22	Электрондық тест нәтижелерін <a href="http://nu.edu.kz">nu.edu.kz</a> сайтында көрсетілген университет кодтарын қолдана отырып, тест әкімшісі арқылы университет мекен-жайына жіберуді ұмытпаңыз. Сауалнама нысанда көрсетілген нәтижелермен сәйкес келетін электронды тест нәтижесін жібергеніңізге көз жеткізіңіз.	
23	Қосымша мектепті екінші таңдау ретінде көрсеткен талапкерлер сол мектептің Қабылдау комиссиясының өтініші бойынша ғана қарастырылатынын хабарлаймыз. Бұл екінші таңдау мамандығы бойынша конкурсқа қатысу үшін сіздің кандидатураның қаралмауы мүмкін дегенді білдіреді. Екінші таңдау ретінде Медицина мектебін немесе Тау-кен ісі және жер туралы ғылымдар мектебін таңдасаңыз, ағылшын тіліндегі екінші Мотивация хатын жүктеуіңіз қажет.	
24	Егер онлайн тіркелу кезінде төлем жасау мәселелері туындаса, картаңыздың онлайн төлемдерге рұқсат бар екеніне көз жеткізіңіз. Егер рұқсат жоқ болса, онлайн төлемдеріне қол жеткізу үшін банкке хабарласыңыз.	
25	Мемлекеттік грант пен ақылы оқуға түсудің ең төмен талаптары бірдей екендігін ескертеміз.	
26	Студенттерді оқуға қабылдау департаментінен маңызды хаттарды жіберіп алмау үшін электронды пошта жәшігін жиі тексеріңіз. Сондай-ақ СПАМ жәшігін тексеруге кеңес береміз.	